

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің педагог-психологтарының 2020--2021 оқу жылындағы психологиялық азарту бағыты бойынша атқарған жұмыстары.

06.09.2020ж. №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде ата-аналар арасында «Берік отбасы адамның сенімді тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін мейлінше арттыру, ата-анамен бірлесе отырып, бала тәрбиесіне байланысты мәселелерге көңіл аудару, жан-жақты дамыған тұлғаны адамгершілік, рухани жағынан тәрбиелеу мақсатында жүргізілді. Ата-аналарға отбасы жайлы бейнеролик көрсетіліп, сол ролик бойынша ата-аналардың ойлары айтылып пікірталас өрбіді. «Сіз қандай ата-анасыз?» тесті таратылып, жауаптары алынды.» Баланы ести білу» рөлдік ойыны ұйымдастырылып, ата-аналар белсенді қатысты. Нәтижесінде ата-аналар өсіріп отырған ұрпақтарын мейіріммен, сезімталдықпен, кішіпейілділікпен тәрбиелей берейік деген ойларын айтты.

Қыркүйек айының 20-21 жұлдызында 4 сыныптар арасында «Мен кімін, мен қандаймын» тренинг сабағы өткізілді. Тренингтің мақсаты: адам бойындағы асыл қасиеттерді адамгергершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу, көңіл-күйді, эмоцияны реттеу. Оқушылар өз аттарын айта отырып, өз бойындағы үш жақсы қасиетін қоса айтып шықты. Оқушылар өздерін қаншалықты жақсы білетінін және де өзіндік «Мен тұжырымдамасы» басқалардың айтқанымен сәйкес келетінін, келмейтінін анықтады.

Қыркүйек айының 25-26 жұлдыз аралығында алғашқы мектеп табалдырығын аттаған оқушылардың ата-аналарынан « Балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 31 ата-ана жауап берді. Сауалнамада мынадай сұрақтар болды.

1. Балаңыздың мектепке барғысы келе ме?
2. Балаңыздың жаңа нәрсені біліп , үйренуге қызығушылығы бар ма?
3. Балаңыз өз еркімен бір жұмыспен шұғылдана ма?
4. Балаңыз бөтен адамдар арасында ұяла ма?
5. Балаңыз суретке қарап бес сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыра ала ма?
6. Балаңыз бірнеше тапқакты жатқа айта біле ме?
7. Балаңыз әріптерді танып , оқи біле ме?

8. Балаңыз 10-ға дейін және керісінше санай біле ме?

9. Балаңыз түстерді ажырата біле ме?

10. Сурет салуды және оны бояуды жақсы көре ме?

11. Ойыншықтарды құрастырып ойнай біле ме?

Сауалнама бойынша 1 ата-ана баласының әріптерді танымайтынын және де тақпақты жатқа айта алмайтынын көрсетсе, 7 ата-ана баласының суретке қарап бес сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыра алмайтынын жазған. Ал қалған ата-аналар балаларының әріптерді танып, 10 дейін тура және керісінше санай алатынын, түстерді ажырататынын т. б.....көрсеткен. Жалпы оқушылардың мектепке дайын екені байқалды.

06. 10.2020ж. 4 сыныптар арасында «Балалардың салауатты өмір салтына дағдыландыру» жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмірге тәрбиелеу, денсаулықтың қымбаттылығын, өмір сүру қажеттілігінің бағалы байлық екенін түсіндіру. Денесін шыңдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, талғампаз да қанағатшыл, таза да әдемі болуға тәрбиелей отырып,білім беру,шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру.Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында видеоролик көрсетілді. 4 «а» сынып оқушылары «Үш пәледен аулақ бол» атты көрініс көрсетті. Оқушылар жаман, зиянды әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстану керектігін түсінді.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің жас мамандар арасында 07.10.2020ж . «Мамандығым-мақтанышым» тренингі жүргізілді.Мақсаты: Жас мамандардың ұстаздық қасиеттерінің қалыптасуына бағыт беру, кәсіби құлшынысын арттыру, психикалық көңіл –күйлерін көтеріп, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастырып, сыйластық қарым-қатынас орнату. Тренинг қызықты өтті. Мұғалімдер жақсы әсер алды. Ұжымда бір-бірімен сыйластық қарым-қатынастары нығая түсті.

11.10.2020 ж. 2 сынып оқушылары арасында «Аялайық аналарды»атты әңгіме-сұхбат жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді дамыту. : Жақсылық атаулының барлығы күннің нұрынан, ананың мейірімінен тарайтынын ұғындыру; ана еңбегін қадірлей білу; баланың ана алдындағы парызын өтеуге, түсіндіруге, қадірлеуге тәрбиелеу; Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Адамгершілік қасиетті дамыту мақсатында жүргізілген «Аналарды аялайық» атты әңгіме- сұхбат қызықты да әсерлі өтті. Балалардың әрқайсысы өздерінің аналары туралы айтып , аналарына тілектер тіледі. Өздері білетін ана туралы өлең, тақпақтарын айтты. Оқушыларға аналардың бала өміріндегі алатын орны туралы видеоролик көрсетілді. Әр оқушы өз ойларымен, алған әсерімен бөлісті.

12.10.2020ж. №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4 сыныптар арасында «Адамгершіліктің бастауын өзімізден іздейік» әңгіме -сұхбат жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді дамыту. Адамгершілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілділікке үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Оқушылармен жүргізілген әңгіме сұхбат қызықты өтті. Оқушылар адамгершілік қасиеттерге қандай қасиеттер жататынын айтып, проблемалық жағдаяттарды шешуге үйренді. Имандылық қасиет туралы видеоролик көрсетіліп, оқушылар өз ойларымен бөлісті. Адамгершілік туралы мақал-мәтелдер айтты. Адамгершілік қасиеттердің бірі ата-ананы сыйлау екенін айта келе, оқушылар «Ана» туралы әнмен сұхбат - сабақты қорытындылады.

16.10. 2020ж. Мұғалімдерден «Сіз қандай мұғалімсіз?» атты тест алынды. Мақсаты: Жалпы диагностикалық, кәсіби лайықтылықты анықтау.

Кілті: 45 - 50 ұпай жинасаңыз:

Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан - тәнімен берілген жансыз.

21-44 ұпай жинасаңыз:

Сіз арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін күйде жүрсіз. Сізге көп іздену керек.

20 - 11 ұпай жинасаңыз:

Сіз босқа уақыт өткізіп жүрсіз. Орыныңызды бала жанын түсінетін шын мұғалімге босатқаныңыз жөн.

Тестке жауап берген мұғалімдеріміз 21-44 ұпай аралығын көрсетті, яғни мұғалімдеріміз әлі көп іздену керек екені байқалды.

25.10.2020ж. Мектебіміздің жас мамандарына «Заманауи мектеп талаптары мен жас педагог» тақырыбында сабақ жүргізілді. Қазіргі заманның ұстазға қояр басты талабы-ақпараттандырылған, жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт сомдауы. Сапалы білімге жету жолында ұстаздың аянбай еңбек етуі керек екендігі, жаңа үлгідегі мектеп мұғалімі қандай болу керек екендігі туралы сөз қозғалды. Жас мамандарға кеңестер берілді.

26.10.2020ж. 4 сыныптар арасында «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу. ҚР бала құқығы туралы» баяндама оқылды. Кәмелетке толмағандар құқықбұзушылықтың алдын алудың ең маңызды алғы шарты болып табылатын, отбасындағы берекені сақтаудың негізінде, субъективтік себептерден басқа, өтпелі кезеңнің әлеуметтік экономикалық жағымсыз құбылыстары жатыр. Ол ата-анасының материалдық жағдайының нашар болуына байланысты, балабақша мен мектептерге бара алмауы нәтижесінде, соңғы жылдары қараусыз, тастанды, үй-жайы жоқ, сөйтіп құқықбұзушылық жасауға баратын балалар саны көбейді. Мектебіміздің оқушыларына бос уақыттарын тиімді пайдаланып, түрлі үйірмелерге, спорт секцияларына қатысуларына кеңес берілді. Оқушыларға баяндама жағымды әсер берді, пайдасы өте зор. Бұл баяндама

оқушылардың алдағы уақытта құқықбұзушылық пен қылмыстан алшақ болуына өз әсерін тигізеді деген ойдамыз.

08.11.2020 ж. Мұғалімдер арасында «Мейірімді жүрек-орындар тілек» тренингі жүргізілді. Ұстаздардың жаңашылдыққа, инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылығын, ізденісін, ой-қиялын арттыру мақсатында жүргізілді.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4 сынып оқушылар арасында жүргізілген «Діни экстремизмнің алдын алу» бойынша «Діни экстремизм-қоғам дерті» баяндамасы оқылды.

Мақсаты: оқушыларға діни экстремизм туралы білім беру, теріс діни ағым дегеніміз не екендігін тренингтер арқылы жеткізу, діни сауаттылықты қалыптастыру.

Оқушыларға діни экстремизм жайында түсінік беру. Бүгінгі таңда түрлі конфессиялар өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі және өзара тиімді қарым - қатынас жасауы үшін елімізде қолайлы жағдайлар жасалған. **Сонымен қатар,** Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар басқа елдер үшін үлгі болып табылады. Алайда, кейбір дінге сенушілер агрессия мен діни радикализмнің қауіпті формаларына бой алдырып, азаматтардың қауіпсіздігі мен мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіруде.

Оқушыларға баяндама жағымды әсер берді, пайдасы өте зор. Бұл баяндама оқушылардың алдағы уақытта діни экстремизмнен алшақ болуына өз әсерін тигізеді деген ойдамыз.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің жас мамандар арасында жүргізілген «Мамандығым-мақтанышым» тренингі жүргізілді.

Мақсаты: Жас мамандардың ұстаздық қасиеттерінің қалыптасуына бағыт беру, кәсіби құлшынысын арттыру, психикалық көңіл –күйлерін көтеріп, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастырып, сыйластық қарым-қатынас орнату.

Қатысушылар: жас мұғалімдер

Жұмыс түрі: топтық

Жоспар:Кіріспе

1. «Танысу» жаттығуы

2. «Арт терапия»

3. Ой толғау

4. «Сиқырлы орындық»

5. «Релаксация»

6. Темперамент анықтау тест.

Қорытындылау.

Тренинг қызықты өтті. Мұғалімдер жақсы әсер алды. Ұжымда бір-бірімен сыйластық қарым-қатынастары нығая түсті.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4-сыныптар арасында «Адамгершіліктің бастауын өзімізден іздейік» әңгіме -сұхбат жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді дамыту. Адамгершілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілділікке үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Оқушылармен жүргізілген әңгіме сұхбат қызықты өтті. Оқушылар адамгершілік қасиеттерге қандай қасиеттер жататынын айтып, проблемалық жағдаяттарды шешуге үйренді. Имандылық қасиет туралы видеоролик көрсетіліп, оқушылар өз ойларымен бөлісті. Адамгершілік туралы мақал-мәтелдер айтты. Адамгершілік қасиеттердің бірі ата-ананы сыйлау екенін айта келе, оқушылар «Ана» туралы әнмен сұхбат -сабақты қорытындылады

Оқушылармен жүргізілген әңгіме сұхбат қызықты өтті. Оқушылар адамгершілік қасиеттерге қандай қасиеттер жататынын айтып, проблемалық жағдаяттарды шешуге үйренді. Имандылық қасиет туралы видеоролик көрсетіліп, оқушылар өз ойларымен бөлісті. Адамгершілік туралы мақал-мәтелдер айтты. Адамгершілік қасиеттердің бірі ата-ананы сыйлау екенін айта келе, оқушылар «Ана» туралы әнмен сұхбат -сабақты қорытындылады.

30.10.2020ж №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде « Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша мұғалімдер арасында жүргізілген дөңгелек үстел жүргізілді.

Тақырып атауы: «Суицид- қиындықтан шығар жол емес »

Мақсаты : Мұғалімдерді жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі қиындықтардың алдын алу жұмыстарымен таныстыру. Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу.

Міндеті: 1. Мұғалімдерді психологиялық сауаттандыру, ескерту.

2. Мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіру.

3. Суицидтік мінез құлықтың алдын алу

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің оқушылар арасында ата-анасыз, қамқорлықсыз қалған, сабаққа себепсіз қатыспай жүрген

оқушылармен және олардың ата-аналарымен жүргізілген түсіндірмелік жұмыс жүргізілді.

№2 Ж. Жаббаев атындағы бастауыш мектебінің оқушылар арасында ата-анасыз, қамқорлықсыз қалған балалар жоқ.

Сабаққа себепсіз қатыспай жүрген оқушылар мен олардың ата-аналарымен түсіндірмелік жұмыс жүргізілді. Ата-аналар Агабекова Күлшат, Байменова Ұлжалғаспен кездесіп, бала тәрбиесіне аса көңіл бөлу керектігі жайлы кеңес берілді. Ата-аналар ҚР баланың құқықтары туралы жалпы ережелермен таныстырылды.

Балалар мен жасөспірім арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен жүргізілген «Тән тәрбиесі- отбасынан басталады» тақырыбындағы дөңгелек үстел жүргізілді.

Қатысушы ата-аналар: Нұрбекова Ұлдықыз, Жандарбекова Нұрайна, Саденова Нұршат, Байхожаева Ұлбосын, Боратаева А, Әжібаева Г, Қылышбекова Жадыра, Мавлянова Г.

Мақсаты: Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата - ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата - ана екенін түсіндіру.

Ата-аналар дөңгелек үстелге белсенді қатысты. Берілген сұрақ-жауапқа өз ойларын ашық айтып, бала тәрбиесіне қатысты ойларын білдірді. Ата-аналардан сауалнама алынды. Бала тәрбиесінде қателіктерге жол бермесек, балаларымыз саналы азамат болып өсіп, бізді бақытқа кенелтері сөзсіз дей келе, алда тағы осындай кездесулер болып тұрса деген тілектерін айтты.

№2 Ж. Жаббаев атындағы бастауыш мектебінде «Баланы мадақтау мен жазалаудың ерекшеліктері» тақырыбы бойынша ата-аналар жиналысының
Мақсаты: Ата-аналармен байланыс орнату, баланы мадақтау мен жазалаудың ерекшеліктері туралы әңгіме жүргізу.

Мадақтау – тәрбиеленушілер әрекетіне ұнамды баға беру. Мадақтау ықпалы оқушының ұнамды көңіл-күй сезімін көтеруге негізделген. Осыдан да мадақтау балада өзіне деген сенім орнықтырып, жұмысқа деген жағымды көңіл қатынасын оятады, жауапкершілік арттырады. Мадақтау түрліше орындалуы мүмкін. Олар арасында тәрбие процесінде жиі қолданылатындары – қолдау, қуаттау, алғыс жариялау, құрметті құқықтар беру, мақтау қағаздары мен сыйлықтар беру және т.б.

Қарапайымды бола тұра, мадақтау өте жауапкерлі де іс. Мадақ шектен тыс әсіреге айналып кетпей, орынсыз кем де болмауы керек. Санамен сарапталмаған әсіре мадақ баланы бұзады. Осыдан мадақтаудың психологиялық қырлары мен оның салдарын ескерген жөн:

Жазалау – келеңсіз қылықтарды шектеп, тежеу үшін, басқалар алдында, өз тұрғысынан айыбын мойындау сезімін ояту мақсатында қолданылатын педагогикалық ықпал әдісі. Басқа тәрбие әдістері секілді жазалау да қылық-әрекеттердің сырттай себептерінің тұлғалық ішкі ықылас-ниеттерге ауысуына негізделген .

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің мұғалімдер арасында жүргізілген «Бала мінезінің қалыптасуы және оның тәрбиелеу жолдары» тақырыпта түсіндірмелік жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: Сынып жетекшілермен бала мінезінің дамуы мен қалыптасуы, тәрбиелеу жолдары жайлы ой бөлісу.

Мінездің дамып, қалыптасуы баланың өмірге келіп туысымен басталады деген пікірді көптеген ғалымдар растайды. Бір жас әке парасатты, көпті көрген кемеңгер адамға сұрақ қойыпты: “Өмірге келген менің балам бар. Қай жастан оны тәрбилей бастаған дұрыс?” Сонда кемеңгер жас әкеден сұрапты: “Балаң неше жаста?” Ол: “Туғанына алты ай болды” — депті. Кемеңгер тұрып; “Ендеше тәрбие беруден алты ай кеш қалдың. Күнделікті өмірде осы сөздердің шындығына көзіміз жетіп жүр. Кейбір ата-аналар бала екі үш жасқа келгеннің өзінде ол сәби ғой, түсінігі жоқ, өсе келе ақылы кіріп, адам болып кетеді ғой деген философияны бетке ұстайды. Сөйтіп баланың ойына келгенін жасатып, оның кейбір қылықтарын қызықтап, соған байланысты есерлік мінез-құлыққа итерлегенін аңдамай қалады. Өсе келе мұндай баланың мінезінде дөрекілік, өзімшілдік, қатыгездік басым келеді. Мектепте тәрбиелеудің орнына осындай балаларды қайта тәрбиелеуге мәжбүр етеді. Сөйтіп оқу-тәрбие жұмысында көптеген қиындықтар пайда болады, өйткені адамның әдеті оның екінші табиғаты, ол табиғаттағы кемшіліктерді жоқ қылу қолдан келе бермейді. Отбасы тәрбиесінің басты факторы ондағы ата-анасының мінез құлқындағы жасайтын үлгісі халық: “Ұяда не көрсе ұшқанда соны жасар”- деп тегін айтпаған.

